ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ТАҒАМДЫҚ ӨНІМДЕР

Жұқа қабатты хроматографиялау әдісімен астықта, ысталған ет және балық өнімдерінде бенз(а)пиренді анықтау

ПРОДУКТЫ ПИЩЕВЫЕ

Определение бенз(а)пирена в зерне, копченых мясных и рыбных продуктах методом ТСХ

ҚР СТ 1502-2006

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ТАҒАМДЫҚ ӨНІМДЕР

Жұқа қабатты хроматографиялау әдісімен астықта, ысталған ет және балық өнімдерінде бенз(а)пиренді анықтау

ҚР СТ 1502-2006

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2006 жылғы 23 маусымдағы № 249 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ**

3 Осы стандарт ИСО 15302:1998 «Жануарлар мен өсімдікден алынған шикі майлар мен майлар. Бенз(а)пиренді анықтау. Кері фазалы тиімділігі жоғары хроматографиялау әдісі» стандартымен үйлестірілген.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУДІҢ МЕРЗІМІ 2011 жыл
ТЕКСЕРУДІҢ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология жөніндегі комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде Қазақстан Республикасы аумағында толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Сынамаларды іріктеу	2
4	Төмен температуралы спектрофлуометрия әдісі	2
5	Бөлме температурасы жағдайында тиімділігі жоғары сұйықтықтық хроматографиялау және спектрофлуометрия әдістері	9
6	Қауіпсіздік техникасы талаптары	20
7	Оператор біліктілігіне қойылатын талаптар	20

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ТАҒАМДЫҚ ӨНІМДЕР
Жұқа қабатты хроматографиялау әдісімен астықта, ысталған ет және балық өнімдерінде бенз(а)пиренді анықтау

Енгізілген күні 2007.07.01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт азық-түлік шикізатына, тағамдық өнімдер, тағамдық және дәмдік қоспаларға таратылады және төмен және бөлме температурасы жағдайында спектрофлуориметрияны қолданып жұқа қабатты хроматографиялау әдісімен және тиімділігі жоғары сұйықтықтық хроматографиялаумен астықта, ысталған ет және балық өнімдеріндегі бенз(а)пиренді анықтауды белгілейді.

Осы стандартта берілген Ресей Федерациясының стандарттары ҚР СТ 1.9 белгіленген тәртіпте қолданылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ 1.9-2003 Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттау жүйесі. Халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттар мен стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу жөніндегі нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі.

ГОСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.007-76 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Зиянды заттар. Жіктеу және қауіпсіздіктің жалпы талаптары.

ГОСТ 12.1.019-79 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электр қауіпсіздік. Жалпы талаптар және қорғаныс түрлерінің атаутізімі.

ГОСТ 427-75 Өлшейтін металл сызғыштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1770-74 Өлшемді зартханалық шыны ыдыс. Цилиндрлер, өлшеуірлер, құтылар, түтіктер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 2603-79 Ацетон. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4204-77 Күкірт қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5777-84 Марганец қышқылды техникалық калий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5789-78 Толуол. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5815-77 Сірке су ангидриді Техникалық шарттар.

ГОСТ 5955-75 Бензол. Техникалық шарттар.

ГОСТ 6709-72 Дистилденген су. Техникалық шарттар.

ГОСТ 9147-80 Зертханалық фарфор ыдыс және жабдық. Техникалық шарттар.

ГОСТ 9293-74 Газ тектес және сұйық азот. Техникалық шарттар.

ГОСТ 12026-76 Сүзгіш зертханалық қағаз. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14919-83 Электроплиталар, электроплиткалар және қыздыратын тұрмыстық электршкафтар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 18300-87 Ректификатталған техникалық этил спирті. Техникалық шарттар.

ГОСТ 20015-88 Хлороформ. Техникалық шарттар.

ГОСТ 20289-74 Диметилформамид. Техникалық шарттар.

Ресми басылым

ГОСТ 24104-2001 Зертханалық таразы. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 24363-80 Калий гидрототығы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 25336-82 Зертханалық шыны ыдыс және жабдық. Түрлері, негізгі параметрлері мен өлшемдері.

ГОСТ 29224-91 Зертханалық шыны ыдыс. Сұйықтықтық шыны зертханалық термометрлер. Құрылғы, құрастыру және қолдану қағидаттары.

ГОСТ 29228-91 Зертханалық шыны ыдыс. Градусталған тамшуырлар. 2-бөлім. Күту уақыты белгіленбеген градусталған тамшуырлар.

ГОСТ 29229-91 Зертханалық шыны ыдыс. Күту уақыты 15 с градусталған тамшуырлар.

ГОСТ Р 51652-2000 Тағамдық шикізаттан алынған ректификатталған этил спирті. Техникалық шарттар.

3 Сынамаларды іріктеу

3.1 Зертханалық сынаманы іріктеу және оны сынауларға дайындауды өнімнің сыналатын түріне арналған нормативтік құжатқа сәйкес жүргізеді.

Біріктірілген зертханалық сынамадан сынақ үшін екі параллель өлшендіні алады.

4 Төмен температуралы спектрофлуориметрия әдісі

Әдіс негізі көмірсутектерін , оның ішінде бенз(а)пиренді, гександы ащы калийдің спирттік ерітіндісімен алдын ала өңделген өнімнен шайғындау, көмірсутектерінің полициклді түйіршіктерін жұқа қабатты хроматографиялаумен алюминий тотығына бөлу және алынған түйіршіктен бенз(а)пиренді төмен температуралы спектрофлуориметрия әдісімен сандық анықтау болып табылады.

Талданатын өнімдерде бенз(а)пиреннің салмақтық үлесінің анықталатын шамаларының ауқымы - 0,0002 0,005 мг/кг немесе $0,2 \times 10^{-7}$ $5,0 \times 10^{-7}$ %. Ерітіндіде бенз(а)пиреннің салмақтық шоғырын анықтаудың оңтайлы ауқымы 0,01 0,05 мкг/см^3 құрайды.

4.1 Аппаратура, материалдар мен реактивтер

Сұйық азоттың (- 196) °С температурасы жағдайда өлшеулер орныдауға арналған криогенді қоспалы және толқындар ұзындығының спектралды ауқымы 360 420 нм флуоресцентті спектрофотометр

Спектралды ауқымы 250-700 нм және УФ сәулелену көзі ретінде БУВ-15 типті лампалы «Хроматоскоп» түрлі ультракүлгін сәулелендіргіш.

(250±4) ^{0}С температурасын қамтамасыз ететін зертханалық кептіретін шкаф.

ГОСТ 24104 бойынша ең жоғары өлшеу шегі 200 г дәлдік сыныбы 2 зертханалық таразы.

ГОСТ 24104 бойынша ең жоғары өлшеу шегі 500 г дәлдік сыныбы 2 жалпы арналған зертханалық таразы.

ИР-1М ротационды буландырғыш.

Су моншасы

Спиралі жабық және қызуды реттегіші бар ГОСТ 14919 бойынша тұрмыстық электр плитасы.

Кез келген сиымдылықты сұйық азотқа арналған Дьюар ыдысы.

Хроматографиялауға арналған ванналар (эмаль фото астаушалар).

15 х 30 және 20 х 40 см өлшемді шыны пластиналар.

ГОСТ 25336 бойынша К-1-250-29/32 ТХС, К-1-100-29/32 ТХС, К-1-500-29/32 ТХС немесе П-1-500-29/32 ТХС құтылар.

ГОСТ 25336 бойынша ХПТ-1-300-14/23 ХС немесе ХПТ-1-400-14/23 ХС тоңазытқыштар.

ГОСТ 25336 бойынша ХПТ-2-400-29/32 ХС және ХПТ-1-300-29/32 немесе ХПТ-400-29/32 ХС тоңазытқыштар.

ГОСТ 25336 бойынша 250-19/26-29/32 ТС дефлегматор немесе 300-19/26-29/32 ТС дефлегматор.

ГОСТ 25336 бойынша П2-10-180 ХС шыны түтіктер.

ГОСТ 25336 бойынша АИО-14/23-50 ТС аллонж.

ГОСТ 25336 бойынша П-1-19/26-14/23 ТС немесе Н2-19/23 қондырма.

ГОСТ 25336 бойынша су ағынды зертханалық сорғы.

ГОСТ 29228 және ГОСТ 29229 сиымдылығы 1, 2, 5, 10 $см^3$ тамшуырлар.

ГОСТ 25336 бойынша ВФО-32-ПОР 100-14/23 ХС немесе ВФО-32-ПОР 160-14/23 ХС құйғы.

ГОСТ 1770 бойынша П-2-15-14/23 ХС өлшемді түтіктер.

ГОСТ 25336 бойынша ВД-1-500 немесе ВД-3-500 бөлгіш құйғы.

ГОСТ 25336 бойынша 1-100, 1-250 немесе 3-100, 3-250 өлшемді цилиндрлер.

ГОСТ 25336 бойынша СВ-14/8, немесе СВ-19/9, немесе СВ-24/10, немесе СВ-34/12 өлшеуге арналған стакандар (шынышақшалар).

ГОСТ 29224 бойынша өлшеу температурасының шегі 0 250 ^{0}С, өлшеу бағамы 1 ^{0}С термометр.

ГОСТ 427 бойынша бөлу бағамы 0,1 см өлшегіш сызғыш.

ГОСТ 25336 бойынша 2-100-2 өлшемді құтылар.

Шыны қылтүтіктер, шыны таяқшалар.

Қолданыстағы нормативтік құжаттар бойынша н.октан, т.,

Қолданыстағы нормативтік құжаттар бойынша н.гексан, т.,

ГОСТ 18300 бойынша ректификатталған техникалық этил спирті немесе ГОСТ Р 51652 бойынша ректификатталған этил спирті.

Қолданыстағы нормативтік құжаттар бойынша фракциялы 40 70 ^{0}С петролейлі эфир.

ГОСТ 20015 бойынша хлороформ.

ГОСТ 5955 бойынша бензол.

Қолданыстағы нормативтік құжаттар бойынша белсенділігі 2 деңгейлі хроматографиялауға арналған алюминий тотығы.

ГОСТ 24363 калий гидрототығы.

Бенз(а)пирен, негізгі заттың болуы 98 % кем емес.

1,12-Бензперилен, негізгі заттың болуы 98 % кем емес.

ГОСТ 9293 бойынша сұйық азот.

ГОСТ 6709 бойынша дистилденген су.

Метрологиялық сипаттамалары бар өзге де өлшеу құралдарын және техникалық сипаттамалары бар жабдықтарды, сондай-ақ сапасы бойынша көрсетілгендерден төмен емес реактивтер мен материалдарды қолдану рұқсат етіледі.

4.2 Сынаққа дайындық

4.2.1 Ерітінділерді тазарту

Ерітінділерді (н.октан, этил спирті, петролейлі эфир, хлороформ және н.гексан) жалпы қабылданған тәсілмен дефлегматормен айдайды.

4.2.2 Алюминий тотығын дайындау

Алюминий тотығын (250±4) ^{0}С температурасы жағдайында 4 сағат бойына кептіргіш шкафында кептіреді және тығынды ыдыста сақтайды.

Жұқа қабатты хроматография үшін бенз(а)пирен ерітіндісін дайындау («куәгер» ерітіндісі).

Шынышақшаға шамамен 10 мг бенз(а)пирен өлшеп салады, алынған өлшенді толық ерігенге дейін бірнеше миллилитр петролейлі эфир құяды.

Алынған ерітіндіні сиымдылығы 100 $см^3$ өлшемді құтыға құяды және ерітінді көлемін белгіге дейін петролейлі эфирмен жеткізеді. Ерітіндінің сақталу мерзімі тоңазытқышта үш айдан артық емес.

4.2.4 Бенз(а)пиреннің стандартты ерітіндісін дайындау.

Шынышақшаға (10,0±0,2) мг бенз(а)пиренді өлшеп алады, алынған өлшенді толық ерігенге дейін бірнеше миллилитр н.октанды құяды. Алынған ерітіндіні сиымдылығы 100 $см^3$ өлшемді құтыға құяды және ерітінді көлемін белгіге дейін н.октанмен жеткізеді. Алынған ерітіндіде бенз(а)пиреннің салмақтық шоғыры 100 мкг/$см^3$. Ерітіндіні тоңазытқышта сақтайды. Ерітіндінің сақталу мерзімі үш айдан артық емес.

4.2.5 Бенз(а)пиреннің жұмысшы ерітіндісін дайындау

н.октандағы салмақтық шоғыры 0,1; 0,04 және 0,02 мкг/$см^3$ бенз(а)пиреннің жұмысшы ерітінділерін 4.4.4 бойынша дайындалған бенз(а)пиреннің бастапқы стандартты ерітіндісінен сиымдылығы 100 $см^3$ тығынды өлшемді құтыларда біртіндеп дайындайды. Ерітінділерді тоңазытқышта сақтайды. Ерітінділердің сақталу мерзімі бір айдан артық емес.

4.2.6 1,12-бензпериленнің стандартты ерітіндісін дайындау (ішкі стандарт).

Бастапқы ерітіндіні дайындау үшін шынышақшаға (10,0±0,2) мг 1,12-бензпериленді өлшеп салады, алынған өлшенді толық еріп кеткенге дейін бірнеше миллилитр н.октан құяды. Алынған ерітіндіні сиымдылығы 100 $см^3$ тығынды өлшемді құтыға құяды және белгіге дейін н.октанмен жеткізеді. Алынған ерітіндіде 1,12-бензпериленнің салмақтық шоғыры 100 мкг/$см^3$. Ерітіндіні тоңазытқышта сақтайды. Ерітіндінің жарамдылық мерзімі үш айдан артық емес.

4.2.7 1,12-бензпериленнің жұмысшы ерітіндісін дайындау (ішкі стандарт ерітінділері)

Салмақтық шоғыры 0,01; 0,005; 0,002 және 0,001 мкг/$см^3$ 1,12-бензпериленнің жұмысшы ерітінділерін 4.4.6 бойынша дайындалған бенз(а)пиреннің бастапқы стандартты ерітіндісінен сиымдылығы 100 $см^3$ тығынды өлшемді құтыларда біртіндеп н.октанда дайындайды. Ерітінділерді тоңазытқышта сақтайды. Ерітінділердің сақталу мерзімі бір айдан артық емес.

4.2.8 Хроматографиялық бөлуге арналған пластиналарды дайындау

20х40 см өлшемді шыны пластинаға алюминий тотығын тегістеп себеді. Содан кейін қалыңдығы 1мм және ені 3мм резеңке сақиналармен үш бөлікке (14,1 және 3 см) бөлінген шыны таяқшаның көмегімен алюминий тотығын әбден тегістейді.

4.3 Сынақ жүргізу

4.3.1 Өнімнен бенз(а)пиренді бөліп алу

Сиымдылығы 500 $см^3$ дөңгелек табанды құтыға салмағы 25 г өнім өлшендісін салады, құтыға 20 $см^3$ дистилденген су, 200 $см^3$ этил спиртін және 20 г калий гидрототығын қосады. Құты ішіндегіні сілкіп араластырады. Құтыны кері тоңазытқышпен қосады және реакциялық қоспаның 3 сағат бойына қайнауы жағдайында су моншасында қыздырады. Содан кейін құтыға тоңазытқыш арқылы 150 $см^3$ су қосады; құтыны моншадан алады және бөлме температурасына дейін салқындатады.

Суығаннан кейін реакциялық қоспаның сұйық фазасын қалқымалап бөлу құйғысына құяды, өнім қалдығын құтыда қалдырады. Қалдық салынған құтыға 150 $см^3$ н.гексан қосады, құты ішіндегіні қатты араластырады және н.гександы бөлу құйғысына қалқымалап алады.

Құйғыны тығынмен жабады және қатты сілкиді, сондай кеін штативке бекітіп сұйықтықтар қабатталып бөлінгенге дейін қалдырады. Түзілген эмульсияны бөлу үшін бөлу құйғысындағы қоспаға 20 $см^3$ этил спиртін қосады. Қабатталып ажыраған кейін

төменгі сулы-спиртті фазаны тұнба салынған құтыға кері құяды, ал гександы шайғынды сиымдылығы 500 $см^3$ құтыға құйып алады.

Бұндай реакциялық қоспаны өңдеуді шайғындау үшін 100 $см^3$ н.гексан және эмульсия қабатталып бөліну үшін 20 $см^3$ порциялы этил спиртін пайдаланып тағы екі рет жүргізеді.

Шайғындау аяқталғаннан кейін құтыдағы қалдық пен гидролизатты төгіп тастайды, ал шайғынды бөлу құйғысында үш рет 50 $см^3$ дистилленген сумен жуады және үтірден кейінгі екінші белгіге дейін дәлдікпен алдын ала өлшенген порциямен сиымдылығы 250 $см^3$ дөңгелек табанды құтыда ротациялық буландырғышта су моншасының температурасы 60 ^{0}С артық емес жағдайда суалтады.

Шайғынды құтыны ерітінді ізін кетіру үшін тарту шкафына қалдырады, содан кейін қайтадан өлшейді. Өлшеулер арасындағы айырмашылықтар бойынша бөлінген шайғынның салмағын анықтайды.

Құтыдағы шайғыннан өлшемей шыны шақшаға $^1/_5$ бөлігін іріктеп алады. Шайғын қалдығы бар құтыны өлшейді. Шайғын бөлігі салынған шыны шақшаға 4.2.3 бойынша дайындалған бенз(а)пирен «куәлігінің» 0,1 0,2 $см^3$ ерітіндісін қосады. Шыны шақша ішіндегі мен құтыдағы қалдықты петролейлі эфирдің кішкене көлемінде ерітеді.

Алынған ерітінділерді шыны қылтүтікті дайындалған пластиналарға: тар бөлігіне шыны шақшадан алынған ерітіндіні («куәлік»), кең бөлігіне құтыдан алынған өнім шайғынын жағады. Ерітінділерді пластинаның төменгі шетінен 7-8 см кері қарай тегіс теліммен жағады.

Пластинаны хроматографиялау үшін кішкене 20 ^{o} 25 ^{o} бұрыш астында ваннаға орналастырады, петролейлі эфирді сынаманы жағу сызығына дейін жеткенге дейін құяды. Ваннаны шынымен жабады және ерітінді шетін пластинаның жоғарғы шетіне жеткізіп хроматографиялау жүргізеді.

Пластинаны кептірмей оны ультра күлгін сәулемен сәулелендіреді және «куәліктің» сәулеленген телімі бойынша сыналатын сынамада бенз(а)пиреннің болу орнын анықтайды. Сыналатын сынаманың хроматограммасында бенз(а)пирен телімінің шектерін белгілейді. Пластинаны кептіретін шкафта далада кептіреді.

Хроматограммада белгіленген сыналатын сынаманың алюминий тотығының телімін шыны көмегімен пластинадан алады және сүзетін құйғының кеуекті пластинасына салады. Құйғыны сиымдылығы 100 $см^3$ дөңгелек табанды құтымен қосады және бенз(а)пиренді бензолды аздап порциялап қосып және алюминий тотығын құйғыда таяқшамен араластыра отырып алюминий тотығын 50 $см^3$ бензолмен элюрлейді. Бензолды су моншасының 60 ^{0}С артық емес температурасы жағдайында ротациялық буландырғышта құрғағанша суалтады. Құтыдағы октан қалдығын түтікке салады. Түтіктегі ерітінді көлемі 5 $см^3$ аспауы керек.

Кейбір өнімдерді талдау кезінде шайғын өнімінен ажыраған бірінші хроматографиялау кезінде үлгінің флуоресцентті құрамбірліктерінің толық және нақты ажырауы болмайды. Бұл жағдайда пластинада «куәлік» көлемінде алюминий тотығының үлкен телімін бөледі, бенз(а)пиренді бензолдың алюминий тотығымен жоғарыда көрсетілгендей элюрлейді және суалтқаннан кейінгі қалдықты этил спиртінде ерітеді және алынған спирт шайғынын қайтадан хроматографиялайды.

Спирт шайғынын хроматографиялық бөлу үшін 15 х 30 см өлшемді пластинаны 0,3 мм қалыңдықты алюминий тотығының қабатын пайдаланады. Пластинада ені 10 және 3 см екі телімді бөледі. Пластинаның кең бөлігіне шыны қылтүтіктің көмегімен талданатын өнімнің спирттік ерітіндісін, тар бөлігіне петролейлі эфирдегі бенз(а)пирен ерітіндісін («куәлік» ерітіндісі) жағады. Пластинаны ваннаға бұрыш астында орналастырады және ерітінді шетін пластинаның жоғарғы шетіне жеткізіп хлороформда хроматографиялауды жүргізеді. Ультракүлгін сәуледе «куәлік» бойынша алюминий

тотығын зерттелетін өнімнің бенз(а)пирен телімін белгілейді. Содан кейін бенз(а)пиренді алюминий тотығымен бензолмен элюрлейді және жоғарыда көрсетілген қалған операцияны жүргізеді.

Н.октандағы бенз(а)пирен ерітіндісін түтікке құяды. Ерітінді көлемі өнімнің бастапқы өлшендісі 25 г жағдайда 5 $см^3$ аспауы керек.

Алынған ерітіндіде (шайғында) сандық бағалау үшін қоспа әдісін немесе ішкі стандарт әдісін пайдаланып төмен температуралы спектрофлуориметрия әдісімен бенз(а)пиреннің болуын анықтайды.

4.3.2 Қоспа әдісімен 4.3.1 бойынша алынған ерітіндіде (шайғында) бенз(а)пиреннің болуын анықтау.

Үш түтікке тамшуырмен н.октандағы бенз(а)пиреннің 1 $см^3$ алынған ерітіндісін құяды. Содан кейін бірінші түтікке 2 $см^3$ н.октанды құяды. Екінші түтікке 1,5 $см^3$ н.октанды және 4.2.5 бойынша дайындалған салмақтық шоғыры 0,1 мкг/$см^3$ бенз(а)пиреннің 0,5 $см^3$ жұмысшы ерітіндісін құяды. Үшінші түтікке 1 $см^3$ н.октанды және екінші түтікке құйғандай бенз(а)пиреннің 1 $см^3$ жұмысшы ерітіндісінен құяды.

Спектрофлуориметрикалық талдауды үшінші түтіктен бастайды. Ол үшін үшінші түтікті спектрофотометрдің кіру саңылауы алдында сұйық азот құйылған Дьюар ыдысына салады; 367 нм қоздыру сәулесінің 403 нм толқын ұзындығы жағдайында бенз(а)пирен флуоресценциясының аналитикалық сызығын орнатады. Саңылауды үлкейту және ашу коэффициентін реттеумен, сондай-ақ бірдей уақытта дәлдеумен Дьюар ыдысындағы түтіктер спектрофотометрдің тіркейтін құралы бойынша ең жоғары белгіге (50 80 % дейін қол жеткізеді, содан кейін толқын ұзындығы 401 нм ұзындығы жағдайында спектрофотометрдің тіркейтін құралында белгіні белгілеп 401-404 нм шамасында бенз(а)пиреннің спектрограммасын жазады. Спектр жазбасын екі рет қайталайды.

Содан кейін сұйық азотта бірінші және екінші түтіктерді мұздатады және флуоресценция спектрлерін 401-404 нм толқын ұзындықтары шамасында, үшінші түтіктегі сынаманы сканерлеу кезінде сол жағдайда ұстап 401 нм толық ұзындығы жағдайында өзі жазатын машина ұшын міндетті түрде қойып жазады.

Талданатын шайғындағы бенз(а)пиреннің салмақтық шоғырын график бойынша анықтайды, онда абсциссалар осін бенз(а)пирен қоспасының мәнін қояды, ал ординаталар осі бойынша миллиметрде алынған спектрограммалар бойынша өлшенген 403нм жағдайында бенз(а)пиреннің тән сызығының жоғары шыңының тиіктігін көрсетеді.

Егер зерттелетін ерітіндіде бенз(а)пиреннің салмақтық шоғыры өлшеулер үшін жарамды шамаға түсетін болса, онда алынған тәжірибелік нүктелер бір түзу бойында жатады. Бұл түзудің абсциссалар осімен қиылысқанға дейінгі экстраполяция қоспасыз ерітіндіде, яғни 1 $см^3$ зерттелетін ерітіндіде бенз(а)пиреннің болуына сәйкесетін телімді береді. Егер бенз(а)пиреннің салмақтық шоғыры талданатын ерітіндіде құралмен өлшенетін шоғыр ауқымының жоғары шегінен жоғары болса, онда талданатын ерітіндіні н.октанмен араластырады.

4.3.3 Ішкі стандарт әдісімен 4.3.1 бойынша алынған ерітіндіде (шайғында) бенз(а)пиреннің болуын анықтау

Ішкі стандарт ретінде 1,12-бензпериленді пайдаланады. Түтікке 4.3.1 бойынша алынған 3 $см^3$ н.октандағы бенз(а)пиреннің ерітіндісін құяды және спектрофотометрдің кіру саңылауы алдында сұйық азот құйылған Дьюар ыдысына салады, 367 нм қоздыру сәулесінің 403 нм толқын ұзындығы жағдайында аналитикалық сызығын орнатады және 401-409 нм толқын ұзындығы шамасында ерітінді спектрінің жазбасын жүргізеді. Сызық қанықтылығы бойынша (403 нм жағдайында бенз(а)пиреннің тән сызығының жоғары шыңы биіктігі бойынша) сынамада бенз(а)пиреннің шамамен болуын бағалайды. Осы бағалауға сәйкес 3 $см^3$ н.октандағы бенз(а)пиреннің ерітіндісі құйылған түтікке сынама спектрінде 406,3 нм жағдайында қанықтылығы 403 нм толық ұзындығы жағдайында

бенз(а)пирен сызығының қанықтылығынан 3-5 есе артық болатындай санда 1,12-бензпериленнің ерітіндісін қосады.

401-409 нм толық ұзындығы аралығында спектр жазуын екі рет жүргізеді.

403 нм жағдайында бенз(а)пиреннің және 406,3 нм жағдайында 1,12-бензпериленнің тән сызықтарының қанықтылығын (сәйкес H_1 және H_2) осы миллиметрдегі қосылыстардың тән сызықтарының жоғары жағдайында шыңдар биіктігін өлшеп спектрограммалар бойынша анықтайды. Есептеулерде орташа шаманы қабылдайды. Бенз(а)пирен сызығының (H_1) қанықтылығының 1,12-бензперилен сызығының (H_2) қанықтылығына қатынас коэффициентін есептейді, $K = H_1/H_2$.

Бұдан әрі бенз(а)пиреннің стандартты ерітінділері үшін осы коэффициентті ($K_{ст}$) анықтайды. Ол үшін екі түтікке салмақтық шоғыры 0,02 және 0,04 мкг/см^3 бенз(а)пиреннің 3 см^3 стандартты ерітінділерінен құяды. Түтіктердің әрбіріне сынама салынған түтікке сияқты 1,12-бензпериленнің сондай санын құяды. Әр ерітіндінің спектрлерін 401-409 нм толқын ұзындығы аралығында екі рет жазады.

Бұл жағдайда 401 нм толық нұзындығы жағдайында өзі жазатын қалам ұшы барлық жағдайларда міндетті түрде бір деңгейде белгіленгендей болуына қарайды.

Бұдан әрі спектрограммалар бойынша 403 нм жағдайында бенз(а)пиреннің және 406,3 нм жағдайында 1,12-бензпериленнің тән сызықтарының қанықтылығын (сәйкес H_1 және H_2) анықтайды. Есептеулерде орташа мәндң қабылдайды. Бенз(а)пиреннің әр шоғыры үшін $K_{ст} = H_1/H_2$ есептейді.

Талданатын ерітіндіде бенз(а)пиреннің салмақтық шоғырын (с), мкг/см^3, мына формуламен есептейді:

$$c = c_{ст} K/K_{ст}, \qquad (1)$$

мұнда $c_{ст}$ стандартты ерітіндідегі бенз(а)пирен шоғыры, мкг/см^3;

К 1,12-бензперилен қосылған талданатын ерітінді спектрограммасы бойынша табылған коэффициент;

$K_{ст}$ 1,12-бензпериленнің сәйкес қоспасымен талданатын ерітінді коэффициентіне мәні бойынша жақын 1,12-бензперилен қосылған бенз(а)пиреннің стандартты ерітіндісінің спектрограммалары бойынша табылған коэффициент.

Екі параллель анықтаулар мен әдістемеге сәйкес, бірақ өнімнің өлшендісіз барлық реактивтерді пайдаланып талдаудың барлық кезеңінен өткізетін бірдей уақыттағы бақылау тәжірибесін жүргізеді.

4.4 Нәтижелерді өңдеу

Бенз(а)пиреннің салмақтық шоғырын X_1, %, X и X_2, мг/кг, мына формулалар бойынша есептейді:

$$X_1 = \frac{(c - c_o) \cdot m_1 \cdot V \cdot 100}{m_2 \cdot m \cdot 1000 \cdot 1000} = \frac{(c - c_o) \cdot m_1 \cdot V}{m_2 \cdot m} \cdot 10^{-4} \qquad (2)$$

$$X_2 = \frac{(c - c_o) \cdot V \cdot m_1}{m_2 \cdot m} \cdot \qquad (3)$$

мұнда с 4.3.1 бойынша алынған талданатын өнім ерітіндісінде (шайғында) 4.3.2 немесе 4.3.3 бойынша белгіленген бенз(а)пирен шоғыры, мкг/см^3;

c_0 4.3.1 бойынша алынған бақылау тәжірибе ерітіндісінде бенз(а)пиреннің шоғыры, мкг/см^3;

V өнімнің талданатын сынамасынан бөлінген бенз(а)пирен ерітіндісінің көлемі, см^3,

m_1 талданатын өнімнен бөлінген шайғын салмағы, г;

m_2 пластинаның кең теліміне жағылған шайғын салмағы, г;

m өнім өлшендісінің салмағы, г.

Нәтижені екінші мәнді санға дейін дөңгелектейді.

Соңғы нәтиже ретінде сол мәнді санды екі параллель анықтамалардың орташа арифметикалық мәнін қабылдайды.

Егер параллель анықтаулар нәтижелері арасында айырмашылық $|X_1 \quad X_2| \leq 0{,}01dX$ аспайтын болса, мұнда X_1, X_2 және X бірінші және екінші параллель анықтаулардың нәтижелері мен олардың орташа арифметикалық мәні, ал d ұқсастықты бақылау нормативі болған жағдайда онда орташа арифметикалық X талдау нәтижесі ретінде қабылдайды. Олай болмаған жағдайда талдауды қайталайды. Ұқсастықты бақылау нормативтінің мәні d 1-кестеде берілген.

Алынған талдау нәтижесі X және 1-кестеде берілген салыстырмалы кінарат мәні δ бойынша абсолют кінаратты есептейді $\Delta = 0{,}01\ \delta\ X$, мг/кг немесе %.

Талдау нәтижесін (X Δ), мг/кг немесе P = 0,95 жағдайында % түрінде береді.

4.5 Талдау нәтижелерінің дәлдігін бақылау

Талдау нәтижелерінің сапасына ішкі шұғыл бақылау (ШШБ) талдау нәтижелерінің ұқсастығы, қайталанғыштығы және дәлдігін бақылаудан тұрады.

4.5.1 Параллель анықтаулардың ұқсастығын 4.4 сәйкес әр талданатын сынама үшін бақылайды.

4.5.2 Қайталанғыштыққа ішкі бақылау жүргізу үшін жұмысшы сынамаларды пайдаланады. Сынаманы тең екі бөлікке бөледі және әдістемеге сәйкес түрлі зертханаларда немесе бір зертханада, талдау жүргізудің шарттарын барынша түрлендіріп, яғни өлшемді ыдыстың түрлі жиынтығын пайдаланады, талдауларды түрлі күндері немесе екі түрлі аналитик орындап жүргізеді.

Егер $|X_1 \quad X_2| \leq 0{,}01DX$, мұнда X_1, X_2 және X түрлі зертханаларда немесе бір хертханада түрлі шарттар жағдайында алынған бірдей сынаманы талдау нәтижелері мен олардың орташа арифметикалық мәні, D қайталанғыштықты ішкі шұғыл бақылау нормативінің мәні жағдайында бақылау талдаулардың қайталанғыштығы қанағаттанарлық деп таниды. D нормативінің мәні 1-кестеде берілген.

Қайталанғыштыққа бақылау жүргізу кезеңділігі екі аптада бір реттен жиі емес.

1-кесте P = 0,95 сенімділік ықтималдығы жағдайында өлшеу ауқымдары, салыстырмалы кінарат сипаттамаларының мәні мен салыстырмалы кінаратты (ұқсастық және қайталанғыштық) кездейсоқ құрайтын шұғыл бақылау нормативтері

Өлшеу ауқымы, мг/кг	Кінарат сипаттамасы (кінарат берілген ықтималдықпен болатын аралық шегі) $\pm\delta$, %	Ұқсастықты шұғыл бақылау нормативі $d_{отн}$, % (параллель анықтаулардың екі нәтижелері үшін, n = 2)	Қайталанғыштықты шұғыл бақылау нормативі $D_{отн}$, % (өлшеулердің екі нәтижелері үшін, m = 2)
0,0002- 0,001 қоса	42	40	60
0,001 - 0,005 қоса	32	30	45

4.5.3 Дәлдікке бақылау жүргізу үшін бенз(а)пирен нақты қосылған жұмысшы сынамаларды пайдаланады. Сынаманы тең екі бөлікке бөледі, біреуін әдістемеге сәйкес талдайды, екіншісіне бенз(а)пиреннің белгілі қоспасын енгізеді және содан кейін әдістемеге сәйкес талдайды. Қоспа шамасы талданатын сынамада бенз(а)пиреннің 50-150 % болуын құрауы керек.

Бақылау талдауларының дәлдігін егер $|X_1 \quad X \quad c| \leq 0{,}01К$ болса, мұнда X_1, X және c бенз(а)пирен қосылған сынаманы, нақты сынаманы бақылау талдау нәтижелері мен бенз(а)пирен қоспасының шамасы, К-дәлдікті шұғыл бақылау нормативі болса, қанағаттанарлық деп есептейді.

Дәлдікті шұғыл бақылау нормативін мына формулалар бойынша есептейді:

Ішкі зертханалық бақылауды жүргізген кезде (P = 0,90)

$$К= 0{,}84\sqrt{(\Delta_{X1})^2+(\Delta_X)^2} \qquad (4)$$

Сырткы бақылау жүргізген кезде (P = 0,95)

$$К= \sqrt{(\Delta_{X1})^2+(\Delta_X)^2} \qquad (5)$$

мұнда Δ_{X1} + Δ_X хлоридтер қосылған сынамадағы және нақты сынамадағы хлоридтердің салмақтық шоғырына сәйкесетін кінарат сипаттамаларының мәндері;

$\Delta_{X1} = 0{,}01\ \delta_{X1}X_1$ және $\Delta_X = 0{,}01\ \delta_X X$, мұнда X_1 және X қоспалы сынамадағы және нақты сынамадағы бенз(а)пиреннің салмақтық үлесі, % немесе мг/кг.

Салыстырмалы кінараттың δ_X (δ_{X1}) мәні 1-кестеде берілген.

Талдау дәлдігіне бақылауды айына бір реттен жиі емес, сондай-ақ реактивтерді алмастырған кезде немесе жұмыста ұзақ үзілістен кейін жүргізеді.

Дәлдікке шұғыл бақылау нормативтерінің артқаны жағдайда қайталау талдауларын жүргізеді.

Көрсетілген нормативтер қайтадан артқан жағдайда талдауларды тоқтатады, қанағатсызданарлық нәтижелерге әкелетін себебін анықтайды және оларды түзейді.

ІШБ нәтижелерін арнайы журналға тіркейді.

5 Бөлме температурасы жағдайында тиімділігі жоғары сұйықтықтық хроматографиялау және спетрофлуорометрия әдістері

Әдіс негізі көмірсітектерін, оның ішінде алдын ала спиртті ерітіндімен өңделген өнімнен бенз(а)пиренді, гександы, ащы калийді шайғындау, құрамында бенз(а)пирен бар полициклді хош иісті көмірсутектерінің түйіршіктерін бөлу, алынған түйіршікті кедергі келтіретін қоспалардан сефадексті бағанада және ацетилирленген целлюлозаның жұқа қабатында немесе анықталған бенз(а)пиренді кейіннен сандық анықтаумен пластинкаларда бөлме темрпературасы жағдайында тиімділігі жоғары сұйықтықтық хроматографиялаумен немесе спектрофлуориметриялаумен тазарту болып табылады.

Тиімділігі жоғары сұйықтықтық хроматография әдісін және бөлме температурасы жағдайында спектрофлуориметрия әдісін пайдаланып талданатын өнімдерде бенз(а)пиреннің салмақтық үлесінің анықталатын шамаларының ауқымы 0,0001-0,002 мг/кг немесе $0{,}1 \times 10^{-7}$ $2{,}0 \times 10^{-7}$ %. Тиімділігі жоғары сұйықтықтық хроматография

әдісін қолданған жағдайда ерітіндіде анықталатын бенз(а)пиреннің салмақтық шоғырының оңтайлы ауқымы 0,01-0,02 мкг/см^3, спектрофлуориметрия әдісін пайдаланған жағдайда 0,02-0,2 мкг/см^3 құрайды.

5.1 Аппаратура, материалдар мен реактивтер

Толқын ұзындығы 300 460 нм спектралды ауқымды, астаушалар сиымдылығы 0,4 см^3 флуоресцентті спектрометр.

Толқын ұзындығы 300 420 нм спектралды ауқымды флуориметриялық детектормен сұйықтықтық хроматограф.

Қосылған фазалы сорбентпен толтырылған ұзындығы 150 мм және диаметрі 6 мм болат немесе шыны хроматографиялық бағана (мысалы, Supersosil LC-PAH).

ГОСТ 24104 бойынша ең жоғары өлшеу шегі 200 г дәлдік сыныбы 2 зертханалық таразы.

ГОСТ 24104 бойынша ең жоғары өлшеу шегі 500 г дәлдік сыныбы 2 жалпы арналған зертханалық таразы.

ИР-1М ротационды буландырғыш.

ГОСТ 25336 бойынша су ағынды зертханалық сорғы

Су моншасы

Электр қыздырғышты ММ-3М типті магнитті араластырғыш.

Спектралды ауқымы 250-700 нм және УФ сәулелену көзі ретінде БУВ-15 типті лампалы «Хроматоскоп» түрлі ультракүлгін сәулелендіргіш.

УФ сәулелендіру көзі ретінде ОЛД диагностикалық лампа

х х см өлшемді хроматографиялық шыны камера

Жұқа қабатты хроматографиялауға арналған 5 х 20 және 20 х 20 см шыны пластинкалар.

ТСХ арналған х см өлшемді Силуфол пластиналары

Ұзындығы 500 мм және диаметрі 20 мм шеті төмен тартылған және сиымдылығы 50 60 см^3 ПШ 14/23 сұйыққоймалы хроматографиялық шыны бағана.

ГОСТ 25336 бойынша ХПТ-2-400-29/32 ХС немесе ХШ-1-400-29/32 ХС тоңазытқыш.

ГОСТ 25336 бойынша АИО-14/23-50 ТС немесе АИО-14/23-14/23-65 ТС типті алонж.

ГОСТ 427 бойынша өлшеу бағамы 0,1 см өлшейтін сызғыш.

ГОСТ 25336 бойынша 250-19/26-29/32 ТС немесе 300-19/26-29/32 дефлегматор.

ГОСТ 25336 бойынша П-1-19/26-14/23-14/23 ТС немесе Н-2-19/26-14/23 ТС қондырғы.

ГОСТ 25336 бойынша ВД-1-500 немесе ВД-3-500 бөлгіш құйғы.

ГОСТ 25336 бойынша ВФО-32-ПОР 100-14/23 ХС немесе ВФО-32-ПОР 160-14/23 ХС құйғы.

ГОСТ 25336 бойынша 1-100, 1-250 немесе 3-100, 3-250 өлшемді цилиндр.

ГОСТ 25336 бойынша В-1-100 немесе В-1-150 химиялық стакан.

ГОСТ 25336 бойынша 1-500 құты.

ГОСТ 25336 бойынша Гр 50-14/23 құты.

ГОСТ 25336 бойынша К-1-100-29/32 ТХС, К-1-25Р-29/32 ТХС, К-1-500-29/32 ТХС немесе П-1-500-29/32 ТХС құтылар.

ГОСТ 25336 бойынша $К_н$-1000-29/32 ТХС, ГОСТ 25336 бойынша $К_н$-250-34 ТХС құтылар.

ГОСТ 25336 бойынша 2-100-2 өлшемді құтылар.

ГОСТ 9147 бойынша 1 немесе 2 немесе 3 Бюхнер құйғысы.

ГОСТ 25336 бойынша СВ-14/8 немесе СВ-19/9, немесе СВ-24/10, немесе СВ-34/12 өлшеуге арналған стакандар (шыны шақшалар).

МШ-10 типті микроқысқаштар, шыны қылтүтіктер.

ГОСТ 29228 немесе ГОСТ 29229 бойынша 1-1-1, 1-1-2, 2-1-5, 8-2-0,2 тамшуырлар.

Индикаторлы әмбебап қағаз.

ГОСТ 12026 бойынша сүзетін зертханалық қағаз.

Қолданыстағы нормативтік құжаттама бойынша қандауыр немесе жұқа қалақша.

н.гексан, т., қолданыстағы нормативтік құжаттар бойынша.

ГОСТ Р 51652 бойынеша ректификатталған этил спирті немесе ГОСТ 18300 бойынша ректификатталған техникалық спирт.

ГОСТ 5955 бойынша бензол.

ГОСТ 5789 бойынша толуол.

ГОСТ 4204 бойынша күкірт қышқылы.

ГОСТ 2603 бойынша ацетон, т. немесе әс.т.

ГОСТ 5815 бойынша сіркесу ангидриді, т.

ГОСТ 20289 бойынша диметилформамид, т.ү.т.

Қолданыстағы нормативтік құжаттар бойынша ацетонитрил.

ГОСТ 24363 бойынша калий гидрототығы.

Қолданыстағы нормативтік құжаттама бойынша микрокристалды ұнтақ целлюлоза.

Бенз(а)пирен, негізгі заттың болуы 98 % кем емес.

Бенз(в)хризен, негізгі заттың болуы 98 % кем емес.

Сефадекс LH-20.

АСКГ саркалы құмсірне.

Белсенділігі деңгейлі хроматографиялауға арналған алюминий тотығы

ГОСТ 6709 бойынша дистилденген су.

Метрологиялық сипаттамалары бар өзге де өлшеу құралдарын және техникалық сипаттамалары бар жабдықтарды, сондай-ақ сапасы бойынша көрсетілгендерден төмен емес реактивтер мен материалдарды қолдану рұқсат етіледі.

5.2 Сынаққа дайындық

5.2.1 Ерітінділерді дайындау

Ерітінділерді (н.октан, этил спирті, ацетон, бензол) жалпы қабылданған тәсілмен дефлегматормен айдайды.

Айдау құтысына 120 $см^3$ бензолды және 1 $дм^3$ ерітіндіге 36 $см^3$ суды қосып диметилформамидті айдайды.

5.2.2 Ацетилді целлюлозаны дайындау

(50,0±2,0) г микрокристаллды целлюлозаны сиымдылығы 500 $см^3$ жалпақ түпті құтыға салады, жеке құтыда дайындалған 150 $см^3$ бензол мен толуол қоспасын, 70 $см^3$ сіркесуы ангидридін және 0,3 $см^3$ күкірт қышқылын қосады. Реакциялық қоспаны магнитті араластырғышпен 6-8 сағ бойына араластырады, араластырмай тағы 18 сағ қалдырады, содан кейін сұйық фазаны қалқымалайды, ал қалдығына 300 $см^3$ этил спиртін құяды, араластырады, спиртте 24 сағатқа қалдырады, содан кейін целлюлозаны Бюхнер құйғысымен сүзеді, 100 $см^3$ этил спиртімен және жуатын судың бейтарап реакциясына дейін дистилденген сумен жуады (индикаторлы қағаз бойынша).

Содан кейін ацетилді целлюлозамен хроматографиялық белсенділікті тексереді. Ол үшін талдауды жүргізерден 3-4 сағат бұрын 60:25:15 көлемді қатынаста алынған этил спирті, ацетон және су қоспасын дайындайды да оны сүзетін қағаз телімдері төселген хроматографиялық камераға құяды. Ерітінді қабатының биіктігі 1,5 2 см болу керек. 1,5 г ацетилирленген целлюлозаны 7 $см^3$ этил спиртінде қалқымалайды және қалқыманы тегіс қабатпен 5 х 20 см шыны пластинаға құяды, ерітіндіні ауада толық буландырады да пластинкаға микрошприцпен немесе шыны қылтүтікпен нүктеге салмақтық шоғыры 1 мкг/$см^3$ бенз(а)пиреннің 5 мкл ерітіндісін жағады. Пластинаны хроматографиялық камераға салады да ерітінді деңгейі құйған сызықтан 100мм-ге көтерілгенге дейін камерада қалдырады. Хроматографиялау аяқталғаннан кейін пластинаны шағырады, ауада

кептіреді және ультра күлгін сәулелендіргіш лампасы астында бенз(а)пирен тамшысын флуоресцентті көгілдір түспен белгілейді. Бастапқы сызықтан ерітінді соңғы сызығына және ортасына дейін бенз(а)пирен тамшыларының қашықтығын өлшейді, пластинка бойынша бенз(а)пиреннің жылжу жылдамдығын бағалайтын R_f мәнін мына формула бойынша есептейді:

$$R_f = \frac{L_{БП}}{L}, \qquad (6)$$

мұнда $L_{БП}$ бенз(а)пиреннің бастапқы сызығынан соңына дейінгі қашықтық, мм;

L ерітіндінің бастапқы сызығыдан шетіне дейінгі қашықтық, мм.

бенз(а)пиреннің R_f мәні 0,1 құрауы керек.

5.2.3 Жұмысшы пластиналарды дайындау

5.2.3.1 Бірінші тәсіл

Жұмысшы пластинаны дайындау үшін 5 г ацетилирленген целлюлозаны 20 см³ этил спиртінде қалқымалайды және тегіс қабатпен 20х20 см пластинаға құяды.

5.2.3.2 Екінші тәсіл

Жұмысшы пластинаны дайындау үшін 16 г ацетилирленген целлюлозаны, 8 г алюминий тотығын және 20 $см^3$ метанолды 1 минут бойына қатты араластырады да балшық тектес ерітіндіні 20х20 см пластинкаларға 0,25 мм қабатпен жағады. Пластинаны бірінші ауада, содан кейін 2 сағат бойы 60°С температурасы жағдайында кептіретін шкафта кептіреді де ылғалсорғышта сақтайды.

5.2.4 Бенз(а)пирен мен бенз(в)хризеннің стандарты ерітінділерін дайындау

Өлшеуге арналған стакандарға (шыны шақша) (10,0±0,2) мг бенз(а)пирен мен бенз(в)хризенді өлшеп салады. Өлшенділерді сиымдылығы 100 $см^3$ өлшемді құтыға: бензолмен бенз(а)пиренді, ацетонитрилмен бенз(в)хризенді салады, содан кейін бенз(а)пирен ерітіндісінің көлемін белгіге дейін бензолмен, бенз(в)хризен ерітіндісіні көлемін ацетонитрилмен жеткізеді. Алынған ерітінділер 100 мкг/$см^3$ салмақтық шоғырға ие болады. Ерітінділерді салқын қараңғы жерде үш айға дейін сақтайды.

5.2.5 Бенз(а)пирен мен бенз(в)хризеннің жұмысшы ерітінділерін дайындау.

Жұмысшы ерітінділерді сиымдылығы 1, 5 және 10 $см^3$ тамшуырлар мен сиымдылығы 100 $см^3$ өлшемді құтыларды пайдаланып стандарттарды ерітінділерді араластырып дайындайды, ерітінді көлемін белгіге дейін сәйкес еріткішпен жеткізеді, араластырады және бір айдан артық емес салқын жерде сақтайды.

Салмақтық шоғыры 1,0 мкг/$см^3$ бенз(а)пирен ерітіндісін дайындау (спектрофлуориметрия әдісімен анықтау үшін): стандартты ерітіндіден 1,0 $см^3$ алады да сиымдылығы 100 $см^3$ өлшемді құтыға салады; ерітінді көлемін белгіге дейін бензолмен жеткізеді.

Салмақтық шоғыры 0,25: 1,0 және 5,0 мкг/$см^3$ бенз(а)пирен ерітіндісін дайындау (тиімділігі жоғары сұйықтықтық хроматографиялау әдісімен анықтау үшін): стандартты ерітіндіден сәйкес 0,25; 1,0; 5,0 $см^3$ сұрыптайды және сиымдылығы 100 $см^3$ өлшемді құтыларға салады; ерітінділер көлемін белгіге дейін ацетонитрилмен жеткізеді.

Салмақтық шоғыры 0,5 және 10 мкг/$см^3$бенз(в)хризен ерітінділерін дайындау: стандартты ерітіндіден 0,5 және 10 $см^3$ сәйкес сұрыптайды, сиымдылығы 100 $см^3$ өлшемді құтыларға салады; ерітіндінің әр көлемін белгіге дейін ацетонитрилмен жеткізеді.

5.2.6 Градусталған ерітінділерді дайындау

Ббенз(а)пирен және бенз(в)хризен қоспаларының градусталған ерітінділерін дайындау үшін сиымдылығы 250 $см^3$ өлшемді құтыларға сиымдылығы 1 $см^3$ тамшуырмен 2-кестеде берілген салмақтық шоғыры 100 мкг/$см^3$ бенз(а)пиреннің стандартты ерітінді және салмақтық шоғыры 10 мкг/$см^3$ бенз(в)хризеннің жұмысшы ерітінділерінің

көлемдерін салады, көлемін белгіге дейін ацетонитрилмен жеткізеді. Алынған ерітінділерді араластырады және қараңғы салқын жерде бір айдан артық емес сақтайды.

2-кесте

Ерітінді нөмірі	Бастапқы ерітінді көлемі, $см^3$		Градусталған ерітіндіде салмақтық шоғыр, мкг/$см^3$	
	Салмақтық шоғыры 100 мкт/$см^3$ бенз(а)пирен	Салмақтық шоғыры 10 мкг/$см^3$ бенз(в)хризен	Бенз(а)пирен	Бенз(в)хризен
1	1,00	1,00	0,40	0,04
2	0,50	0,50	0,20	0,02
3	0,25	0,25	0,30	0,01
4	0,10	0,10	0,04	0,004

5.3 Сынақ жүргізу

5.3.1 Өнімнен бенз(а)пиренді шығару

Дөңгелек түпті немесе жалпақ түпті сиымдылығы 100 $см^3$ құтыға салмағы 10 г өнімнің өлшендісін салады, 50 $см^3$ 92 %-ті этил спиртіндегі 4 г калий гидрототығынан тұратын ерітіндіні қосады. Құты ішіндегіні сілкіп араластырады. Құтыны кері тоңазытқышпен қосады және реакциялық қоспаның 3 сағ бойына қайнауы жағдайында су моншасында немесе магнитті араластырғышта қыздырады. Содан кейін құтыға тоңазытқыш арқылы 100 $см^3$ дистилденген суды қосады. Реакциялық массаны бөлме температурасына дейін салқындатады. Салқындатқаннан кейін реакциялық массаны сиымдылығы 500 $см^3$ бөлгіш құйғыға салады. Егер өршіткеннен кейін реакциялық массада қатты қалдық қалса, оны қалдықты 30 $см^3$ ыстық этил спиртінің сүзгішінде жуып Бюхнер құйғысында ажыратып алады. Реакциялық массаның сұйық фазасын шайғындау үшін пайдаланады. Бөлгіш құйғыға 30 $см^3$ н.гександы қосады. Құйғы ішіндегіні сілкиді де сұйықтықтар қабатталып бөліну үшін қалдырады. Бөлгіш құйғыдағы қоспада эмульсия түзілген жағдайда 20 $см^3$ этил спиртін қосады. Қабатталып бөлінгеннен кейін төменгі сулы-спиртті фазаны құтыға құйып алады, ал гексан шайғындысын басқа бөлгіш құйғыға құйып алады. Бұндай реакциялық массаны өңдеуді 20 $см^3$ дан порциялап эмульсиялар бөліну үшін шайғындауға 30 $см^3$ дан н.гексан және этил спиртін пайдаланып екі рет жүргізеді.

Шайғындауды аяқтағаннан кейін біріктірілген гексан шайғындысын бөлгіш құйғыда дистилденген сумен үш рет 30 $см^3$ дан жуады, шайғындыны кеуекті сүзгімен құйғыда сусыз натрий сульфатының қабаты арқылы сүзіп сиымдылығы 100 $см^3$дөңгелек түпті құтыға салады. Ерітіндіні ротациялық буландырғышта 50 $см^3$ көлеміне дейін сулы моншаның 60 ^{0}С артық емес температурасы жағдайда суалтады.

Суалтылған шайғынды сиымдылығы 500 $см^3$ бөлгіш құйғыға салады және оған 9:1 көлемдік қатынаста алынған 50 $см^3$ диметилформамид және су қоспасын қосады. Қоспаны 1 мин. бойына қатты сілкиді, фазалар ажыраған кейін төменгі қабатты сиымдылығы 200 $см^3$ жалпақ түпті құтыға құяды, ал жоғарғы гексан қабатынан 50 $см^3$ диметилформамид және су қоспасымен шайғындау жүргізеді. Гексан қабатын алып тастайды, түбі жалпақ құтыда біріктірілген диметилформамидті шайғынды бөлгіш құйғыға салады, 100 $см^3$ дистилденген су қосады да гександы су фазасымен 50 $см^3$ тен үш рет шайғындай жүргізеді. Сулы фазаны төгіп тастайды, ал гександы шайғынды 30 $см^3$ тен сумен үшін рет жуады, түбі жалпақ құтыға салады, 10 г сусыз натрий сульфатын қосады да бір сағат бойына ұстайды. н.гександы ротациялық буландырғышта 1,5 2,0 $см^3$

көлеміне дейін суалтады, қалған ерітіндіні су ағынды сорғымен қосылған вакуумды алонж арқылы ауа ағынымен кетіреді, құтыдағы қалдықты 0,5 $см^3$ этил спиртінде ерітеді.

Сиымдылығы 100 $см^3$ стаканға (2,5 $\pm$ 0,2) г сефадекс LH-20 өлшеп салады, 20 $см^3$ этил спиртін қосады және ісіну үшін 3-4 сағатқа қалдырады. Содан кейін гельді спирттің аз бөлігімен жуып шыны хроматографиялық бағанға құяды, ерітіндіні сорбент үстіндегі спирт қабаты 2 мм-ге төмен емес қалғандай етіп құяды. Дайындалған бағанға 0,5 $см^3$ порциялап этил спиртімен құтыдан үш рет жуып, құтыдағы шайғын қалдығын тамшуырмен жағады. Бағанадан полициклді хош иісті көмірсутектерін, оның ішінде бенз(а)пиренді элюирлеуді 40 $см^3$ этил спиртінде жүргізеді, 12 $см^3$ көлемді бірінші фракцияны алып тастайды, 25 $см^3$ көлемді екінші түйіршіктерді жинайды. 0,5 $см^3$/мин ерітіндіні элюирлеу жылдамдығын ауа үрлегіш немесе газ баллонымен қосылған қондырғы арқылы ауа немесе азот ағынымен кішкене артық қысым құрап қамтамасыз етеді. Газды силикагельмен толтырылған шыны трубка арқылы беру керек.

LH-20 сефадексті бағананы бірнеше рет қолдануға болады. Ол үшін түйіршіктегеннен кейін сорбенттің кеуіп кетуін болдырмай бағананы 25 $см^3$ этил спиртімен жуады және келесі сынаманы енгізеді.

Екінші түйіршікті ерітіндіні сиымдылығы 50 $см^3$ алмұрт тектес құтыға салады, ерітіндіні 0,5 1,0 $см^3$ көлеміне дейін суалтады, оның қалдығын ауа немесе азот ағынында кетіреді.

Құрамында бенз(а)пирен бар алынған түйіршіктерді әрі қарай тиімділігі жоғары сұйықтықтық хроматографиялау немесе спектрофлуориметриялық әдіс көмегімен талдайды.

Бірдей уақытта әдістемеге сәйкес бірақ өнімнің өлшендісінсіз реактивтерді пайдаланып талдаудың барлық кезеңдерін өткізіп бақылау тәжірибесін жүргізеді.

